

ҚАЗАҚТЫҢ ҮШ БӘЙТЕРЕГІНІҢ БІРІ, ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ  
ҚҰЛАГЕРІ-ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВТІҢ ӨНЕР ТАҚЫРЫБЫНА АРНАП  
ЖАЗҒАН ҚҰЛАГЕР ПОЭМАСЫ

Миралиева Диана Нұрмухан қызы

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

Қазақ тілі және әдебиеті бағытының 1-курс студенті

E-mail: [diananurmuhhan2@gmail.com](mailto:diananurmuhhan2@gmail.com)

Ғылыми жетекшісі: Байзаков Жандос Абдазимович (PhD)

Шыршық мемлекеттік педагогикалық университеті

*Аннотация:* Қазақтың ақын жазушысы, қоғам қайраткері әрі аса талантты суреткер, драмашы, прозашы, кемеңгер тұлға-Илияс Жансүгіровтің өмірін, балалық шағын, жанұясын, достары жайлы, өз өмірін баяндайтын шығармаларынан пайдалана отырып, мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, ақынның заты өлседе атын өлмейтіндей еткен, қаламынан тамған мол мұрасы, соның ішінде өнер тақырыбына арнап жазылған «Құлагер» поэмасы жайында сөз өрбиді.

*Кілт сөздер:* Поэзия, проза, талантты суреткер, қоғам қайраткері, мол мұра, өнер тақырыбы, Қысқаша өмірбаяным.

DEDICATED TO THE ART THEME OF ILYAS ZHANSUGIROV, ONE OF  
THE THREE KAZAKH PATERS, CULATOR OF KAZAKH POETRY A  
POEM WRITTEN BY KULAGER

*Abstract:* Kazakh poet, writer, public figure and very talented The artist, dramatist, prose writer, tulga Iliyas Zhansugirovt will be given information about his

family, friends, and his life adventures. At the same time, the poet has a rich legacy that has immortalized his name. You are interested in the poem "Kulager" written for the artist's book in the newspaper.

**Key words:** Poetry, prose, talented artist, public figure, artistic theme. My short biography.



*Жастық-алтын, жағдайың жазғы салқын,  
Жастық-жалқық, жан жанса, емес алтын.  
Жастық-жасық, жаңырлық жай болмаса,  
Жастық-қорлық, білімсіз қара қарқын.*

**Кіріспе бөлім:** Илияс Жансүгіров қазақ әдебиетіндегі барлық жарнда қалам тербеп, ереулі еңбектер жазған, өшпес із қалдырған, талант, дарын иесі. Әсіресе, ол поэзия жанрында көп еңбек етіп, көптеген ерекше туфндыларды жазып қалдырып, бүкіл қазақ халқына танылды. Сол себептіде, Қазақстан Республикасында бірнеше мектеп, көше, аудан, шаруашылыққа, Талдықорған қаласындағы Жетісу мемлекеттік педагогикалық университетіне ақақынн есімі беріліп, сол қалада ақынның өмірі мен шығармашылығы арнап әдеби мемориалдық мұражай ашылған. Жәнеде, 2019 жылы қазақ халқа өзінің бір туар азаматының 125 жылдық мерей тойын өте жоғары дәрежеде атап өтті.

**Негізгі бөлім:** Илияс Жансүгіров 1894 жыл 14 мамырда Алматы облысы, Ақсу ауданында дүниеге келген. Ақынның өз естеліктерінің бірене қарасақ ақын анасынан төрт жасында қалып, әкесі Жансүгірдің қолында қалыпты. Әкесі шамалы дәулетті, ескіше білімі бар, діннен хабары бар, он саусағынан өнер

тамған адам болған дейді. Илияс Орта жүздің, Найман тапасының, Матай руынан шыққан. Алғашында өз әкесінен, ауыл молдаларынан ескіше хат таныған. Онан соң, Қарағаш ауылында жәдитше бастауыш мектепте оқиды. Әрі қарай, ол өзінің білімін Ташкент қаласындағы екі жылдық мұғалімдік курста оқып шыңдайды. Осы қалпымен қазақ әдебитінің қатпарлы кезеңдеріне кез келіп, өз шығарма, туындыларын жазып бастайды. Ол өзінің алғашқы еңбектерін «Еңбекші қазақ», «Сарыарқа», «Сана» секілді газет журналдарда басылып шықты. Ақынның алғаш еңбек жолы «Тілші» газетінде қызмет етуінен басталды. Осы бағытпен 1920 жылдан 1936 жылға яғни құғын-сүргін жұмыстары басталуға дейін өз еліне адал еңбек етті.

**Талдау:** Илия Жансүгіровты әдебиет шыңына көтерген туындыларының бірі «Құлагер» поэмасы. Өнер тақырыбында жазылған бұл туынды көтергенәйгілі өнерпазы, ардақты тұлғасы Ақан серіге арнап жазылған. Ақан сері жиырманшы ғасырдағы халқының елеулі азаматы, қоғам қайраткері, дарынды ақын жазушы. Өз кезеңіндегі әлеуметтік мәселелерді өз өнерімен көрсете білген. Осылай Ақан серінің оқырман қауымға жағымды тұлға ретінде танылуы, бұл ақынның арқасында. Өйткені ақын ең алдымен Ақан серіні суреттеуде барын салып, жанрдан аспай мінездемесін жаратады. Ал поэманың құрылысынан келер болсақ, поэма тілі төтенше. Ақынның шеберлігін осыдан да байқаймыз, поэмадағы ерекше күйге бөлейтін, әдемі картиналар, оқырманды бірден баулап аларлық, шындықтан туған көркем бейнелер бар. Сол себептіде «Құлагер» поэмасы шын мәнінде «сұлу сарай» Илияс Жансүгіровтің шығармашылығының биік шыңы.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі(References)

1. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы қаласы, «Аруна» баспасы 2010 жыл.
2. Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік педагогикалық университеті Әдеби мұрасы.
3. Илияс Жансүгіров Энциклопедия Алматы қаласы, «Кітап» баспасы, 2019 жыл.